15-САБАҚ ДЕРМАТОЛОГТА

1. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

безеу – прыщь
тері асты безеулері – подкоджные прыщи
жұқпалы – заразное
теміреткі – лишай
пигментті дақтар – пигментные пятна
тері аурулары – кожные заболевания
бет күтімі – уход за кожей лица
күннен қорғайтын крем – солнцезащитный крем
сулану – мокнутие
дуылдау – зуд
тазалату – чистка
іш-құрылыс – внутренние органы

2. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

Арқаңызда безеу бар ма? – Есть ли прыщи на спине?
Пигментті дақтар барлық жеріңізде бар ма? – Есть ли пигментные пятна по всему телу
Теріңіз сулана ма? – Наблюдается ли мокнутие?
Теріңіз қыши ма? – Чешется ли кожа?
Тері асты безеулері мазалайды. – Беспокоят подкожные прыщи.
Теріңіз қызара ма? – Наблюдаются ли покраснения на коже?

LIVEWORKSHEETS

3. Аудармасымен сәйкестендіріңіз.

безеу	проводить чистку
тері асты безеулері	аборт
жұқпалы	мокнутие
теміреткі	внутренние органы
пигментті дақтар	солнцезащитный крем
тері аурулары	зуд
бет күтімі	прыщь
күннен қорғайтын крем	подкоджные прыщи
сулану	заразное
дуылдау	лишай
тазалату	пигментные пятна
түсік	кожные заболевания
іш-құрылыс	уход за кожей лица

LIVEWORKSHEETS

4. Тыңдаңыз, жазыңыз.

– Қайырлы күн!
– Қайырлы күн!
– Қандай _____?
– Бетімде қара дақтар бар.
– _____?
– Тұрмыстамын. Екі балам бар.
– Түсік _____?
– Жоқ.
– Қашан _____?
– Босанғаннан кейін пайда болды.
– _____ауыра ма?
– Иә/жоқ.
– Күннен қорғайтын крем _____ .
– Жақсы, түсінікті.
– Мен сізге медициналық талдауларға жолдама беремін.
– Келесі дүйсенбі маған _____ .
– Сау болыңыз!
– _____ .

LIVEWORKSHEETS

5. Сұқбат бойынша ақпараттың дұрыс-бұрыстығын анықтаңыз.

Ақпараттар	дұрыс	бұрыс
Бетімде қара дақтар бар.		
Тұрмыстамын. Үш балам бар.		
Босанғаннан кейін пайда болды.		
Медициналық талдауларға жолдама беремін.		
Күннен қорғайтын крем жақпаңыз.		

LIVEWORKSHEETS

6. Сұқбатты оқыңыз.

– Бет күтімін дұрыс жасайсыз ба?

– Иә, жасаймын.

– Косметологқа барасыз ба?

– Барамын. Бетімді тазалатып тұрамын.

– Косметологқа дәрігердің кеңесімен барған дұрыс.

– Қандай кеңес бересіз?

– С дәруменіне бай жемістер жеңіз. Асқазаныңызды, іш-құрылысыңызды тексертіңіз.

– Маған жолдама жазып бересіз бе?

– Мен сізді гепотологқа жіберемін.

– Рақмет.

LIVEWORKSHEETS

7. Оқыңыз, сұрақтарға жауап жазыңыз.



Теріңіз (сезімтал ма, майлы ма, аралас) құрғақ па?

Арқаңызда безеу бар ма?

Пигментті дақтар барлық жеріңізде бар ма?

Теріңіз сулана ма?

Теріңіз қыши ма?

Теріңіз қызара ма?

LIVEWORKSHEETS

16-САБАҚ КАРДИОЛОГТА

1. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

жоғары – высокое
темекі – сигареты
алкоголді ішімдік – алкогольные напитки
физикалық салмақ – физическая нагрузка
тыныштандыратын дәрі – успокоительное средство
жиі – часто
күю – жгучая боль
қолды созу – протянуть руку
ауыру – болеть
отыру – сидеть
қысылу – сдавливающяя боль
ішпеу – не пить, не употреблять
шекпеу – не курить

2. Есте сақтаңыз.

Қан қысымыңыз қандай?
Қандай дәрілер ішесіз?
Ауыру жиілігі қанша?
Қандай шағымыңыз бар?
Қалай ауырады?
Күніне неше рет қан қысымын өлшейсіз?

LIVEWORKSHEETS

3. Оқыңыз, есте сақтаңыз.

– Қандай шағымыңыз бар?

– Жүрегім ауырады.

– Отырыңыз, сізді тексеремін. Қолыңызды созыңыз. Жүрегіңіз қалай ауырады?

– Шаншып ауырады.

– Қан қысымыңыз қандай?

– Қан қысымым жоғары.

– Күніне неше рет өлшейсіз?

– Бірнеше рет.

– Қандай дәрілер ішесіз?

– Тыныштандыратын дәрілер ішемін.

– Қай кезде ауырады?

– Физикалық салмақ түскенде/ сатыға көтерілгенде ауырады.

– Қанша минутқа созылады?

– 5-20 минут.

– Ауыру жиілігі қанша?

– Күніне 5-10 рет.

LIVEWORKSHEETS

4. Қажетті сөздерді қойыңыз.

– Қандай _____ бар?
– _____ ауырады.
– Отырыңыз, сізді _____ .
Қолыңызды _____ .
– Жүрегіңіз қалай ауырады?
– _____ ауырады.
– _____ _____ қандай?
– Қан қысымым _____ .
– Күніне неше рет _____ ?
– Қандай дәрілер _____ ?
– Тыныштандыратын дәрілер ішемін.
– Қай кезде ауырады?
– _____/_____ көтерілгенде ауырады.
– Қанша минутқа созылады?
– 5-20 минут.
– Ауыру жиілігі қанша?
– Күніне 5-10 рет.

LIVEWORKSHEETS